

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжі**

ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛЫҚ

**Пән: «Мейіргер ісі негіздері»
Мамандығы: 09130200 - "Акушер ісі"
Біліктілігі: 4S09130201 - "Акушер"**

**Курс: 1
Семестр: 2
Қорытынды бақылау түрі: Емтихан
Жалпы еңбек сыйымдылығы сағат/кредиттер: КЗ: 144 / 6
Симуляция: 120**

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 2 беті

Әдістемелік нұсқаулық «Мейіргер ісі негіздері» пәнінің жұмыс бағдарламасы (силлабусы) негізінде құрастырылды.

Оқытушы: Мәди Ә. Қ

Мамандығы: 09130200 - "Акушер ісі"

Біліктілігі: 4S09130201 - "Акушер"

Әдістемелік нұсқаулық «Мейіргер ісі-2» кафедра мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 1 " 27 " 08 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:  Г.Н. Айбекова

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 3 беті

1- сабақ

5.1. Сабақтың тақырыбы. Кіріспе. Мейіргер ісі философиясы. Медициналық этика және деонтология негіздері.

5.2. Сабақтың мақсаты:

Кәсіптік этика және деонтология қағидаттарын, мейіргерлік манипуляцияларды талдау және қабылдау қабілетін, мақсат қою және оған жету жолын үйрету.

5.3. Пәннің міндеттері:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алуды үйрену;
- Медициналық ұйымдардағы қауіпсіз ауруханалық орта. Санитарлық - эпидемияға қарсы режимін сақтауды меңгеру;
- Науқастың функциональды жағдайын бағалауды үйрену;
- Науқастардың жеке бас гигиенасын сақтауды үйрену;
- Медициналық ұйымдарда тағаммен емдеуді ұйымдастыруды меңгеру;
- Дәрі дәрімектерді қолдану жолдары мен әдістері, ішке қабылдайтын дәрі-дәрмектерді үлестіруді білу;
- Науқасты лабораториялық және аспаптық зерттеулерге дайындауды білу.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары.

1. Мейіргер ісі философиясы. Медициналық этика және деонтология негіздері.
2. Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру. Медициналық ұйымдардағы санитариялық-эпидемиологиялық тәртіп, түрлері, тәсілдері, құралдары.
3. АИИ туралы түсінік, инфекциялық үрдіс. Инфекциялық бақылау, АИИ алдын алу.
4. Қабылдау бөлімінің құрылымы және негізгі қызметі. Антропометрия, медициналық құжаттарды жүргізу. Пульсті, АҚ өлшеу әдістемесі. ТАЖ, дене температурасын өлшеу әдістемесі және диурезді бақылау.

Медицина - ең ежелгі мамандықтардың бірі. Ол ем қолданып, шипа дарытудың бай тәжірибесін меңгеріп, адам іс әрекеттерінің өзге түрлерінен ерекшеленетін белгілі бір қасиеттер иеленеді. Көне замандардан бері дәрігерлікпен шұғылданатын адамдарға айрықша адамгершілік талаптар қойылып келеді. Ежелгі дәуір медицинасында дәрігерлер басшылыққа алуға тиісті адамгершілік талаптардың тұтас бір жиынтығы қалыптасқан.

Дәрігер беделіне жете мән берген ежелгі дәуір медицинасының негізін қалаушы Гипократтың (б.д.д. 460-377 жж.) адамгершілік қасиеттері кең таралды. Арада едәуір уақыт (2500 жылдан астам) өткеніне, әрі заманның ғылыми жетістіктеріне қарамастан, кейінгі деонтологиялық қағидалардың барлығы, тіпті қазіргілері де «Гипократ антының» мазмұнын бұлжытпай қайталайды.

Орта ғасырлар кезінде медицина қызметкерлерінің мінез құлқына философ, ғалым Әбу Әли ибн Сина (Авиценна) жеке көңіл бөлген. Авиценна медицина ғылымында өшпес із қалдырған ғұлама емші болды. Оның «Канон врачебной науки», - атты негізгі еңбегі бес ғасыр бойы (XII-XVII) шығыстың да, батыс еуропа елдерінің де, медицина университеттерінде оқытылып келді және 35 рет қайта басылып шықты. Авиценна, дәрігер айрықша тәндік және рухани қасиеттерге -сұңқардың қырағылығына, қыздай жұмсақ қолына, жыланның даналығы мен арыстанның жүректілігіне ие болуға тиіс, - деп есептеді.

Қоғамдағы адамдардың мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасы көптеген нормалармен, ережелермен және салт-дәстүрлермен реттеледі.

Этика— адамгершілік туралы және оның әлеуметтік мәні туралы ілім. Медициналық этика - медицина қызметкерлерінің адамгершілік қасиеттерінде көрініс табууда. Ол

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Әдістемелік нұсқаулық	96 беттің 4 беті

медицина қызметкерлерінің ерекшеліктері мен қоғамда алатын орнына байланысты мінез-құлық нормаларын реттейтін қағидалар жиынтығын қамтып, дәрігердің науқастармен және олардың туыстарымен өзара қарым-қатынасын, тән және жан тазалығын қарастырады.

Медициналық этиканың құрамдас бөлігі деонтология болып табылады. Бұл жаңа ғылым саласы XIX ғасырдың басында пайда болды (грекше deon - тиісті; logos - ғылым, ілім). Деонтология термині қолданысқа енгеніне аса көп болтан жоқ: өткен ғасырдың басында ағылшын философы И. Бентам оны адамның кәсіби мінез-құлқы туралы ғылымның атауы ретінде ауызға алған.

Медициналық деонтология- медицина қызметкерлері қызметінің моральді-этикалық негіздерін, олардың рухани және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптарын, қоғам мен халық алдындағы жауапкершіліктерін, науқастармен, олардың туыстарымен, әріптестерімен өзара қарым-қатыстарын қамтиды. Бұған дәрігердің кәсіби тұрғыдан өсу, науқастардың тілек талаптарын мейлінше қанағаттандыру мақсатымен емдеу, аурудың алдын-алу мекемелерінің қызметін ұйымдастыру мәселелері жатады. «Дәрігершеберлігі» ұғымын техникалық тәсілдер қауызына қамап қоюға болмайды. Бұл - дәрігердің бойына біткен «клиникалық ойлау жүйесі» деп аталатын, интеллектуальді жұмыс түрінде көрінетін творчестволық үрдіс. Яғни, дәрігердің мінез құлқына, алдына келген ауруды қабылдай біліп, мұқият, әрі толықтай тексеруіне, лайықты қортынды жасауына тікелей қатысты нәрсе. Дәрігер ауру адамға көмек көрсетіп, оны сырқатынан айықтыруға, еңбек ету қабілетін қалпына келтіріп, ажалдан арашалап калуға жаралған. Бұл үшін ол өз мамандығын сүйіп қана қоймай, кәсіби шеберлігін де ұдайы арттырып отыруы тиіс. Тек жеткілікті клиникалық тәжірибесі бар дәрігер ғана тиімді көмек бере алады.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер :

1. Қол жуудың деңгей саны?

- a) 3
- b) 5
- c) 6
- d) 7

2. Белгілі профильді науқастар тобына емдеу-алдын алу көмегін көрсету үшін мамандандырылған мекеме ?

- a) емхана
- b) медсанбөлім
- c) жедел көмек станциясы
- d) диспансер

3. Мүмкіншілігі шектеулі науқасты тасымалдау тәсілін анықтайды?

- a) бөлімшенің аға мейірбикесі
- b) дәрігер
- c) қабылдау бөлімшесінің мейірбикесі
- d) палата мейірбикесі

4. Медбикелік ісі негізін қалаушыларды атаңыз

- a) Даша Севастопольская
- b) Флоренс Найтингейл
- c) Екатерина Бакунина
- d) Варвара Щедрина

5. Медбикелік ісінің негізгі принциптерін атаңыз

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 5 беті

- a) өмірге деген, адам құқығына, жетістіктеріне құрмет
b) дәрігердің айтқандарын шала орындау
c) ұлтқа қатыссыз науқасты жақсы күту
d) науқасқа көңіл бөлу және сүю
6. Халықаралық кодекске орай медбикелердің фундаментальды жауапкершілігінің төрт негізгі аспектілерін атаңыз
1. қиыншылықты жеңілдету
 2. ұқыптылықпен күту
 3. аурудың алдын алу
 4. денсаулықты тіктеу
 5. дәрігердің айтқандарын толығымен орындау
 6. денсаулықты қуаттауға кірісу
- Дұрыс жауапты табыңыз
A) 1,2,3,5 B) 2,3,4,6 B) 1,3,4,6 Г) 3,4,5,6 Д) 2,3,4,5
7. Патронаж дегеніміз не?
- a) үнемі аурулардың үйіне барып тексеру
 - b) медбикенің жасөспірімдермен жұмысы
 - c) медбикенің кәрі адамдармен жұмысы
 - d) медбикенің бөлімшедегі жұмысы
8. Қандай ауруларға стационарлы емдеу көрсетіледі?
- a) емханадан бағыт алған ауруларға
 - b) стационарлы-курортты емдеуден өткен ауруларға
 - c) диспансерлі тіркеуде тұрған ауруларға
 - d) туб диспансерде тіркеуде тұрған ауруларға
9. Адам өміріндегі кездесетін әлеуметтік, психологиялық және ішкі дүниелік жағдайлардың жиынтығы, аталады
- a) денсаулық,
 - b) қоршаған орта
 - c) науқас
 - d) медбике
10. «Денсаулық» түсінігі білдіреді
- a) аурудың болмауы
 - b) физикалық және материалды жетістіктер
 - c) аурудың болмауы және көңіл күй комфортты
 - d) толық физикалық, психикалық және әлеуметтік жағдайдағы жетістіктеріялық
- есептер:

Ситуациялық есептер:

- 1.Қабылдау бөліміне ыстығы шыққан бес жасар баланы алып келді, баланың ыстығы көтерілген, жағдайы орташа ауырлықта. Балаға дәрігер ыстығын түсіретін дәрі берді. Бала қолында шприці бар мейірбикені көргенде қорыққаннан айқайлап жылады. Бұл кезде мейірбике не істеу керек?
- 2.Кардиология бөлімінде жатқан 72 жастағы қария науқас ауруының қауіпті екеніне қарамастан, мен бәрібір емделмеймін «өлімім» жеткен көрінеді деп мейірбикенің манипуляцияларынан бас тартты. Бұл кезде мейірбике науқасқа қандай көмек көрсету керек?
3. Науқас диагностика бөлмесіне келгенде қатты қорқу сезімінен есінен танып қалды.Мейірбикенің іс әрекеті қандай?

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 6 беті

2- сабақ

5.1. Сабақтың тақырыбы. Медициналық ұйымдардың негізгі типтері, құрылымы және жұмысын ұйымдастыру.

5.2. Сабақтың мақсаты:

Кәсіптік этика және деонтология қағидаттарын, мейіргерлік манипуляцияларды талдау және қабылдау қабілетін, мақсат қою және оған жету жолын үйрету.

5.3. Пәннің міндеттері:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алуды үйрену;
- Медициналық ұйымдардағы қауіпсіз ауруханалық орта. Санитарлық - эпидемияға қарсы режимін сақтауды меңгеру;
- Науқастың функциональды жағдайын бағалауды үйрену;
- Науқастардың жеке бас гигиенасын сақтауды үйрену;
- Медициналық ұйымдарда тағаммен емдеуді ұйымдастыруды меңгеру;
- Дәрі дәрімектерді қолдану жолдары мен әдістері, ішке қабылдайтын дәрі-дәрмектерді үлестіруді білу;
- Науқасты лабораториялық және аспаптық зерттеулерге дайындауды білу.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары.

Емдеу бөлімі.

Аурухана емдеу бөлімдерінен тұрады. Емдеу бөлімдері мынадай болып келеді.

А. Жалпы сала:

- терапевтік (жүрек, өөпе, асқазан, ішек т.б. ауруларға арналған.

-Хирургиялық (қимыл мүшелерінің жарақатымен, ішкі құрылысқа операция жасайды, бастың миы шайқалған т.б.)

Былай бөлінген ауруханалар аудандық, ауылдық жерлерде жиі кездеседі.

Б. Арнайы бөлімдер, аурулардың ауыратын бір жүйесін емдеу үшін (жүрек-кардиологиялық, өкпе-пульмонологиялық, жарақат-травматологиялық нейрохирургиялық т.б.).

Қызыметтері:

1. Дәрілік көмек көрсету.

2. Сырқатты анықтау.

3. Үйде немесе емханада емдеуге жағдай болмаған уақытта, ем жүргізе білу.

Емдеу бөлімінің құрылысы.

1. Емделушіге арналған палата.

2. Емделушіге арналған санитарлық бөлме.

3. Тамақ таратуға арналған буфет.

4. тамақ қабылдауға арналған асхана.

5. Емдеу кабинеті (егу бөлме).

6. Ординаторлық (дәрігерлер бөлмесі)

7. Бөлім меңгерушісінің кабинеті.

8. Бөлімдегі бас мейірбикенің кабинеті.

9. Жамылғылар (таза денелік және төсек жамылғылары үшін)

ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 7 беті

10.Палаталық мейірбикелерге арналған бөлме.

11.Манипуляция(клизма) жасаудың орны.

Терапия бөлімінің палаталары кең, жарық, көп дегенде 6 адамға есептелінген болу керек.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер :

1. Патогенді және шартты патогенді микроорганизмдерді палаталардың ішкі орта объектілерінде және стационарлы бөлімшелердің функционалды белмелерінде, медициналық аспаптарда және құрал-жабдықтарда жою _____ аталады.

2. Оттегі құрамдастарға қандай дезинфекциялаушы құралдар жатады?

- a) хлорамин
- b) сутектің асқын тотығы
- c) жасыл бриллианттың ерітіндісі
- d) сулема ерітіндісі
- e) калий перманганатының ерітіндісі б)йод

Жауаптардың дұрыс комбинациясын таңдаңыз:

- a) А) 3,5,6
- b) Б) 1,4,5
- c) В) 1,2,5
- d) Г) 2,5
- e) Д)2,4

3. Хирургтың операция алдында қолын жууға қандай дезинфекциялаушы құралдар қолданылады?

- a) калий перманганатының ерітіндісі
- b) сулема ерітіндісі
- c) 3)диоксид
- d) хлоргексидин биглюконаттың 0,5%-тік спирттік ерітіндісі
- e) сутектің асқын тотығы
- f) құмырска үсті кышқылының ерітіндісі (первомур)
- g) фурацилин

Жауаптардың дұрыс комбинациясын таңдаңыз:

- a) А) 2,4,6
- b) Б) 3,4,6
- c) В) 1,6,7
- d) Г) 2,5,6
- e) Д) 3,6,7

4. Дезинфекция әдістерін атаңыз?

- a) термиялық әдіс
- b) химиялық әдіс
- c) механикалық әдіс
- d) биологиялық әдіс
- e) консервативті әдіс
- f) физикалық әдіс

Жауаптардың дұрыс комбинациясын таңдаңыз:

- a) А) 1,2,6
- b) Б) 2,3,6

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 8 беті

c) B) 2,4,6

d) Г) 1,3,5

e) Д) 2,3,5

5. Бөлімшеде инфекцияны табу мақсатымен жүргізілетін дезинфекция _____ деп аталады.

6. Ошақты дезинфекцияның түрлерін атаңыз?

a) бастапқы

b) ағымды

c) негізгі

d) 4) генеральді

e) қорытынды

Жауаптардың дұрыс комбинациясын таңдаңыз:

a) A) 2,5

b) B) 3,4

c) B) 1,5

d) Г) 1,4

e) Д) 1,3,5

7. Аурудың төсек-орын жабдықтарын дезинфекциялау қалай аталады (матрац, жастық, жамылғыш)?

a) қайнатумен жуатын үйде жуу

b) камераларда пароформалинді және пароауалы әдістермен

c) 2% хлорамин ерітіндісінде сулау

d) кварцтау

e) кейінгі кептірумен ұрып-соғу

8. Аурудың төсектік және денелік киімдерін дезинфекциялау қалай жүзеге асырылады?

a) камераларда пароформалинді және пароауалы әдістермен

b) 2% хлорамин ерітіндісінде сулау

c) жуатын ерітіндіде сулау

d) кварцтау

e) қайнатумен жуатын үйде жуу

9. Аурухана ішілік инфекцияны профилактикалау мақсатымен бөлімшеде күнде жүргізілетін дезинфекция _____ аталады.

10. Сәйкестікті табыңыз:

a) дезинфекцияның механикалық әдісі

b) дезинфекцияның физикалық әдісі

c) а) қайнату

d) б) едендерді жуу

e) в) буды қолдану

f) г) киімдерді жуу

g) д) палаталарды кварцтау

Ситуациялық есептер:

1. Инфекциялық аурумен ауырған науқас стационардан шығарылды. Палатада қорытынды дезинфекцияны қалай жүргізу керек? Аурудың төсек-орын жабдықтарын қалай дезинфекциялау керек?

2. Медбике палатаны тазалады, шаңды сүртті, аурудың төсек-орнын қағып жинады. Медбике пайдаланған дезинфекция түрін және әдісін атаңыз?

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 9 беті

3- сабақ

5.1. Сабақтың тақырыбы. Инфекциялық қауіпсіздік. Медициналық ұйымдардағы қауіпсіз ауруханалық орта.

5.2. Сабақтың мақсаты:

Кәсіптік этика және деонтология қағидаттарын, мейіргерлік манипуляцияларды талдау және қабылдау қабілетін, мақсат қою және оған жету жолын үйрету.

5.3. Пәннің міндеттері:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алуды үйрену;
- Медициналық ұйымдардағы қауіпсіз ауруханалық орта. Санитарлық - эпидемияға қарсы режимін сақтауды меңгеру;
- Науқастың функциональды жағдайын бағалауды үйрену;
- Науқастардың жеке бас гигиенасын сақтауды үйрену;
- Медициналық ұйымдарда тағаммен емдеуді ұйымдастыруды меңгеру;
- Дәрі дәрімектерді қолдану жолдары мен әдістері, ішке қабылдайтын дәрі-дәрмектерді үлестіруді білу;
- Науқасты лабораториялық және аспаптық зерттеулерге дайындауды білу.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары.

Науқас түсер алдында палатадағы төсек, тумба, дәрет ыдысына арналған заттар дезинфекциялық ерітіндідегі дымқыл шүберекпен сүртеді. Осыған орай, бөлімнің жұмыс бөлмесінде дезертінді мен шүберегі бар таңбалы ыдыс болады. Ыдысты жабық ұстау қажет. Төсекке вегетивті қалыптағы кесте бойынша камералы дезинфекциядан өткен төсек жабдықтары төселініп, төсек жабдықтарына таза төсек жамылғысы жамылады. Науқасқа жеке заттар (аурудың жағдайына байланысты) бөлінеді: стақан, су жылытқыш, т.б. содан соң тиянақтап жуылады. Науқас жазылып шықаннан кейін жеке қолданылған заттар дезинфекцияланады.

Науқас ауруханаға түскен кезде гигиеналық заттарды алуына рұқсат беріледі. Битпен түскен аурулар қабылдау бөлмесінде алғашқы тазалаудан өтеді, ерекше қадағалауда болады және қажет болған жағдайда толық битсіздендіру үшін қайта тазалаудан өтеді. Рұқсатпен, әр ауру өз бөлімінде гигиеналық душ қабылдай алады (7-10 күнде 1 рет). Дене және төсек жамылғыларын 7-10 күнде бір рет (душ қабылдағаннан кейін) және жамылғы кір болған жағдайда ауыстырылады.

Жамылғыларды ауыстыру мерзімі арнайы журналда тіркеліп отырады, оны бөлімнің шаруашылық бөлімнің медбикесі жүргізеді. Жамылғыларды іріктеу мен талқылауға арналған арнайы бөлме болу керек. Пайдаланған жамылғыларды еденге лақтырып тастауға тиым салынады. Жамылғыларды іріктеу мен талқылауға арналған бөлме ауасы тазартылған, еденнен 1,5 м жоғары плиткамен жапсырылған немесе майлы бояумен боялу керек. Жамылғыларды іріктеу кезінде халат, медициналық қалпақ, маска, резинка қолғап, шәркей болу қажет. Жамылғыларды іріктеп болғаннан кейін бөлме дезертіндімен жуылады, арнайы киім жууға жіберіледі, аяқ киім мен қолғап дезинфекцияланады. Бөлмелерді жинау үшін жеке белгі қойылған мүлік және шүберек бөлінеді, олар жиаудан кейін дезинфекцияланады. Науқастар күнде таңертең және кешке, ұйықтар алдында жуыну керек. Тамақ ішер алдында міндетті түрде қол жуу керек. Төсектен тұрмайтын науқастар үшін жуыну төсектің жанында ұйымдастырылады. Бұған орай, бөлмеде белгі соғылған ыдыстар (шәйнек, леген), су және ағызба суға арналған пайдаланылғаннан кейін дезинфекцияланады. Науқастарға палатадағы көрші төсек отыруына тиым салынады, сонымен бірге келушілерге де науқастың төсегіне

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 10 беті

отыруға рұқсат берілмейді. Бұл жағдайда палатада орындық болуы керек. Палатаның күніне кем дегенде 4 рет ауасы тазартылу керек. Ауруханалар үшін белгіленген түскі астан кейінгі демалыс және күн тәртібі барлық науқастар және аурухана жұмыскерлері үшін қатаң қадағалану керек. Ауруханалардың бөлімдерінде күзет тәртібі мен күн реті қатаң сақталу керек, науқастар мен персоналдардың дауыстап сөйлемей, бөлмелерді таңертең ерте және кешкісін кеш жинамауы керек. Науқастар басқа бөлімдерге баруға рұқсат етілмейді.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жпппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер :

- Суық химиялық әдіспен ... стерильдеуге болады.
 - кесетін құралдарды
 - кеспейтін құралдарды
 - резеңкеден жасалынған бұйымдарды
 - астауышты, зәр қабылдағышты
 - науқастың ыдыс-аяғын
- 5% хлорлы әк ерітіндісін дайындау әдісі:
 - 5 литр су + 5 л 10% хлорлы әк ерітіндісі
 - 10 литр су + 50 мл 10% хлорлы әк ерітіндісі
 - 10 литр су + 500мл 10% хлорлы әк ерітіндісі
 - 7 литр су + 3 литр 10% хлорлы әк ерітіндісі
 - 10 литр су + 1 литр 10% хлорлы әк ерітіндісі
- Хлорлы әк ерітіндісінің тұну ұзақтығы:
 - 24 сағат
 - 12 сағат
 - 6 сағат
 - 48 сағат
 - 1 ай
- Палатадағы максималды төсек орын саны:
 - 6
 - 4
 - 2
 - 10
 - 20
- Емдеу палатасында (1 төсек орын есебімен) аудан нормативі ... кв.м.
 - 7
 - 3
 - 5
 - 10
 - 12
- Қолданылған қайшыны ... дезинфекциялайды.
 - 70% этил спирті ерітіндісімен
 - 0,5% хлорамин ерітіндісі
 - ағын сумен жуу
 - сутегі асқын тотығы
 - 0,5% новокаин ерітіндісі
- Басты жуу, тырнақтардың алынуы жүргізіледі:
 - жеті күнде бір рет

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 11 беті

- b) ластанғанына байланысты
 - c) аптасына екі рет
 - d) он күнде бір рет
 - e) айына бір рет
8. Педикулезбен күрес үшін қолданылмайды:
- a) сутегі асқын тотығы
 - b) 0,15% карбофос ерітіндісі, ниттифор
 - c) 10% сабын-керосин эмульсиясының сулы ертіндісі
 - d) 10% сірке қышқылы ерітіндісі
 - e) 70 % этил спирті
9. Сіркені жою үшін қолданылады:
- a) жылы асханалық сірке су
 - b) сутегі асқын тотығы
 - c) сабынды су
 - d) сынапты май
 - e) қожалық сабыны
10. Азопирамды сынаманың қызғыш түске боялуы ... болуын білдіреді.
- a) қанның қалдығы
 - b) жуғыш зат қалдығы
 - c) тоттану
 - d) хлорлы тотықтырғыш
 - e) тұз қалдығы

Ситуациялық есептер:

Ситуациялық есеп №1

Д есімді науқас 39жаста, жұқпалы ауруханаға ауруының 3-күні ішінің төменгі бөлігінде толғақ тәрізді қарқынды ауырсынуға, әсіресе сол жақ мықын бөлігінде, тенезмге, артқы тесігінде дірілді тартпалы ауырсынуға, жиі сұйық нәжіс шырыш және қан аралас, тәулігіне 15рет, тәбеті жоқ, әлісздікке және бас айналуға шағымданды. температурасы 38,6°C, пульсі -92¹, АҚ – 110/65мм.с.б. Жүрек пен өкпеде ауытқулар жоқ. Тілі құрғақ, ақ жабындымен жабылған. Іші шамалы желденген, сигматәрізді ішегі бірден ауырсынбалы пальпацияланады.

1. Болжам диагноз
2. Тексеру жоспары
3. Емдеу принципі

Ситуациялық есеп №2

Стационарға ПТУ-тің 2 студенті іште ауырсынуға, жүрек айнуға, құсуға, дене температурасының жоғарылауына шағымданып түсті. Біреуінде іші өткен. Тамақты жегеннен кейін 6 сағаттан кейін жедел ауырған.

1. Болжам диагноз
2. Тексеру жоспары
3. Емдеу принципі

4- сабақ

5. 1. Сабақтың тақырыбы. Санитарлық - эпидемияға қарсы режим.

5.2. Сабақтың мақсаты:

Кәсіптік этика және деонтология қағидаттарын, мейіргерлік манипуляцияларды талдау және қабылдау қабілетін, мақсат қою және оған жету жолын үйрету.

5.3. Пәннің міндеттері:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;

ONTÜSTIK KAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 12 беті

- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алуды үйрену;
- Медициналық ұйымдардағы қауіпсіз ауруханалық орта. Санитарлық - эпидемияға қарсы режимін сақтауды меңгеру;
- Науқастың функциональды жағдайын бағалауды үйрену;
- Науқастардың жеке бас гигиенасын сақтауды үйрену;
- Медициналық ұйымдарда тағаммен емдеуді ұйымдастыруды меңгеру;
- Дәрі дәрімектерді қолдану жолдары мен әдістері, ішке қабылдайтын дәрі-дәрмектерді үлестіруді білу;
- Науқасты лабораториялық және аспаптық зерттеулерге дайындауды білу.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары.

Жараға жұқпаның түсуі кез келген жараның жиі кездесетін және қауіпті асқынуларының бірі болып табылады. Міне, сондықтан да барлық хирургиялық жұмыстардың негізгі жара жұқпасының алдын алу (сақтандыру) қағидасына тіреледі. Жараның беткі қабатына тиетін нөрсенің барлығында ауру туғызатын микробтар болмау керек, (стерильдену кажет), сондай-ақ жараға түскен микробтарды барыппа өлсірету кажет. Жара жұқпасының алдын алу және онымен күресу үшін қазіргі заманда хирургияда жұқпадан сақтандырудың біртұтас жүйесін құрайтын асептика мен антисептиканың өр алуан төсілдері қолданылады.

Микробтарды жараға түскенге дейін жоюға бағытталған, сөйтіп, оны жұкпаға ұшыраудан сақтайтын іс-шаралардың (жара жұқпасынан сақтандыру өдістері) жиынтығы асептика деп аталады. Асептиканың негізгі заңы: жараға тиетін нөрсенің бөрі микробсыз, яғни стерильді болуы тиіс. Асептикаға қол жеткізу үшін, негізінен, микробтар үшін қатерлі жоғарғы температура (бумен, қайнату арқылы стерильдеу) және кейде өр түрлі химиялық заттар (спирт, йод), сонымен бірге ультрадыбыс, газдар, иондаушы сөулелену пайдаланылады.

Жарадағы микробтар санын азайтуға немесе оларды жоюға бағытталған іс-шаралар жүйесі антисептика деп аталды.

Антисептиканың төмендегідей түрлері бар:

- механикалық (жұкпа түскен жараны алғашқы хирургиялық өндеуден өткізу, яғни микробтар мен өлітіндерді алып тастау мақсатында жараның түбімен шеттерін ойыш кесу):
- физикалық (жараға ылғал тартқыш макта-дөке таңғышын салу, кептіргіш ұнтақ, тампон, білте, дөкенің ұзын жолағы түріндегі тампон немесе резина немесе пластмасса түтік түріндегі білтені пайдалану, сондай-ақ жараны ауа көмегімен емдеудің ашық өдісімен кептіру). Осылайша микробтардың өмір сүруі мен көбеюіне кедергі келтіретін қолайсыз және тіндердің ыдырау енімдерімен улы заттар токсиндерінің сіңуін азайтатын жағдайлар жасалады.

химиялық (бактериологиялық әрекеті микробтардың дамуы мен кебеюін басып тастайтын және бактерицидті өрекеті — олардың елуін қамтамасыз ететін антисеп-тикалық заттар қолдану).

Мейірбикенің жалпы жұмыс орнындағы қауіпсіздіктің жалпы шаралары Мейірбике міндеттері:

- Қолды жуу деңгейлерін сақтау.
- Биологиялық сұйықтықтармен, сонымен қатар қанмен жұмыс істегенде қолғап кию.
- Қолғапты шешкеннен кейін тез арада қолды жуу.
- Төгілген немесе шашылған зарарлы материалды тез арада жинау.
- Қолданылған құрал-саймандарды, күтім заттарын, таңу материалдарын нормативті құжаттарға сай тез арада зарарсыздандыру.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 13 беті

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер :

1. Заманауи сатыдағы ауруханаішілік инфекцияның көбею жолдарының себептері:

- a) дәрілік тұрақты микроорганизмдердің пайда болуы
- b) халықтың санитарлы мәдениетінің жоғарлауы
- c) медициналық қызметкерлердің денсаулық жағдайын бақылауда
- d) медициналық қызметкерлердің вакцинация жасауы
- e) мекеменің науқасқа күтім жүйесіндегі дұрыстығы

2. Науқастың төсек жаймаларын (матрац, жастық, корпе) дезинфекциялау ...

жүргізіледі.

- a) формалин буы және ауа буы бар камерада
- b) қайнатып жуу
- c) 2% хлорамин ерітіндісі
- d) кварцтау
- e) қағып желдету

3. 10% хлор ерітіндісін дұрыс дайындалғанда сақтау мерзімі:

- a) 1-3 күн
- b) 5-7 күн
- c) 10-12 күн
- d) 14-15 күн
- e) 1 ай

4. Бөлімшені ылғалды тазалау жүргізу үшін пайдаланатын дезинфекциялаушы

ерітінді:

- a) 1% кальций гипохлорид ерітіндісі
- b) 10% хлорлы әк ерітіндісі
- c) 2% хлорлы әк ерітіндісі
- d) 0,5% хлорамин ерітіндісі
- e) 3% хлорамин ерітіндісі

5. Аурухана бөлмесін ылғалды жинау ... рет.

- a) 2
- b) 1
- c) 3
- d) 4
- e) 5

6. Егу бөлмесінде жалпылама тазалау жиілігі:

- a) аптасына 1 рет
- b) айына 1 рет
- c) аптасына 2 рет
- d) аптасына 3 рет
- e) күнделікті

7. Егу бөлмесін ағымды тазалауда қолданылады:

- a) 1% хлорамин ерітіндісі
- b) 10% хлорамин ерітіндісі
- c) 0,2% хлорамин ерітіндісі
- d) 5% хлорамин ерітіндісі
- e) 3 % хлорамин ерітіндісі

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 14 беті

8. Дезинсекция дегеніміз

- a) насекомдарды жою
- b) инфекцияны жою
- c) науқасты санитарлық өңдеу
- d) гигиеналық шаралар
- e) микробтарды жою

9. Аурухана ішілік инфекцияның алдын алу мақсатымен, бөлімшеде күнделікті жүргізілетін дезинфекция ... деп аталады.

- a) профилактикалық
- b) ошақты
- c) ағымды
- d) қорытынды
- e) күрделі

Деохлор ... түрінде шығады.

- a) таблетка
- b) ұнтақ
- c) концентріленген ерітінді
- d) гель
- e) суспензия

Ситуациялық есептер:

Ситуациялық есеп №1

С. есімді науқас, 36жаста, аэропорттың медсанитарлық бөлігінің дәрігері жедел ауырды. Ішінде баяу ауырсыну, сосын көп ретті құсу және сулы, көп мөлшерде сұйық нәжіс тәулігіне 10рет байқалды. өздігінен асқазанын калий марганцовамен шайған, бірақ жағдайы жақсармаған: бас айналу, бас ауру, тоңу, дене температурасы 39,5°C көтерілген. Жедел жәрдеммен жұқпалы ауруханаға әкелінді. Түскен кезде жағдайы ауыр, беті бозарған, ерні көгерген. Тері тургоры төмен, пульсі жиі. АҚ 60/40мм.с.б. Саусақтары мен табаны суық. Аяқ бұлшық еттерінде діріл, тілі құрғақ, ақ жабындымен жабылған. Іші пальпациялағанда эпигастрий тұсында ауырсынады, кіндік маңы мен илеоцекальді бөлігінде ауырсынады. Бауыр мен көкбауыр ұлғаймаған. қабылдау бөлімінде нәжісі көп мөлшерде, сулы, жасыл түсті, өткір иісті. Құсық массасы өтпен, тамақ қалдығынсыз. диурез төмен.

- 1. Болжам диагноз
- 2. Тексеру жоспары
- 3. Ең алдымен қай ауруды жоққа шығару керек?
- 4. Емдеу принципі

Ситуациялық есеп №2

М.есімді науқас 55жаста, бас ауруға, тоңуға, жүрек айнуға, бас айналуға, сол жақ бетінде күйдіргіш сезімге шағымданды. Қарағанда аурудың бірінші күні температура 39.5°C, сол жақ бетінде қызарған дақ сау теріден шеті анық, зақымдалған жерінің терісі қызарған, ыстық. Беттің және төменгі қабағының тері асты клетчаткасы айқын ісінген, эритема шетін пальпациялағанда ауырсынады. Екінші күні эритема бір кішкентай везикула пайда болды, сол жақ асты лимфа түйіндері пальпацияланады. Бұрын ондай байқалмаған.

- 1. болжам диагноз
- 2. емдеу принциптері
- 3. госпитализация қажет пе?

5- сабақ

5.1. Сабақтың тақырыбы. Дезинфекция.

5.2. Сабақтың мақсаты:

ONTUSTIK KAZAKHSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 15 беті

Кәсіптік этика және деонтология қағидаттарын, мейіргерлік манипуляцияларды талдау және қабылдау қабілетін, мақсат қою және оған жету жолын үйрету.

5.3. Пәннің міндеттері:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алуды үйрену;
- Медициналық ұйымдардағы қауіпсіз ауруханалық орта. Санитарлық - эпидемияға қарсы режимін сақтауды меңгеру;
- Науқастың функциональды жағдайын бағалауды үйрену;
- Науқастардың жеке бас гигиенасын сақтауды үйрену;
- Медициналық ұйымдарда тағаммен емдеуді ұйымдастыруды меңгеру;
- Дәрі дәрімектерді қолдану жолдары мен әдістері, ішке қабылдайтын дәрі-дәрмектерді үлестіруді білу;
- Науқасты лабораториялық және аспаптық зерттеулерге дайындауды білу.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары.

Залалсыздандыру, дезинфекция – адам мен жануарларда, өсімдіктерде ауру қоздыратын микроорганизмдерді жоюға бағытталған шаралар жүйесі. Залалсыздандыру – жұқпалы аурулардың кең таралып кетуін болдырмау шараларының бірі. Қазақ халқы залалсыздандыру тәсілдерін ерте заманнан бері қолданып келген. Мысалы, ауырған адамның ыдыс-аяғын бөлек ұстап қайнату, науқастан түскен шашты, тырнақты көміп тастау немесе өртеп жіберу; мал шарушылығында – қораларды, көң-қоқысты тазалап отыру, дәнді дақылдарды күнге кептіріп алу, т.б.

Қолдану мақсатына қарай залалсыздандыру екі түрге ажыратылады: сақтық (профилактикалық) залалсыздандыру және ошақтық залалсыздандыру (күнделікті немесе ағымдық және қорытынды).

Сақтық залалсыздандыру – алдын-ала тағамдық өнімдерді дайындайтын және сақтайтын жерлерді, малдан алынатын шикізат немесе тағамдық заттар сақтайтын мекемелерді, мал қораларын, астық қоймаларын, емхана және ауруханаларды, әжетханалар мен қоқыс жинайтын орындарды арнайы тәсілдер қолданып өңдеу.

Ошақтық залалсыздандыру – ауырған адам мен малдың қасында болып, олар сауығып кеткенге дейін күнделікті бақылау жүргізіп отыру, ауруды емдеуге алып кете салысымен және аурудан жазылып кеткеннен кейін немесе ауру (адам не мал) өліп қалғаннан кейін бірден (көп кешікпей) ауру орнын толық өңдеуден өткізу.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

Залалсыздандырудың тәсілдері

Механикалық залалсыздандыруда үй ішін шаңсорғышпен тазалап, сабындап жуып, желдетеді, мал қораны су шашып сыпырады, малдың тұрағының құрал-жабдығын тазартады.

Физикалық залалсыздандыруда ультракүлгін, радиациялық, лазерлік сәулелермен, ультрадыбыспен өңдейді, қайнату, өртеу, бумен немесе ыстық ауамен өңдеу, т.б. пайдаланылады.

Химиялық залалсыздандыруда қышқылдар мен сілтілер, формалин, хлор, хлорлы әк, натрий хлориді, хлорамин, фенол препараттары, тотықтырғыштар, т.б. қолданылады.

Мал шаруашылығында қораларды, топырақты, суды, жиналған садыраны, көнді; өсімдік шаруашылығында тұқымды, екпе көшеттерді, топырақты, қоймаларды, т.б. залалсыздандырады. Мал қораларын залалсыздандыру: 1) шаруашылық жұқпалы аурудан аман болған жағдайда – малды жайылымға шығарған соң, көктемде; 2) мал қолға қарайтын

ONTUSTIK KAZAKHSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 16 беті

кезде – күзде жүргізіледі. Залалсыздандыру шараларының көлемі, қолдану тәсілдері және тиісті дезинфекциялық ерітінділерді таңдап алу жұқпалы аурудың берілу механизміне, қоздырғыштың төзімділігіне, өңдеуге алынған заттардың қасиетіне және санына, тұрғын үй мен мал қораның көлеміне қарай таңдап алынады. Залалсыздандыру жұмыстарын келісімшарт бойынша санитарлық-эпидемиологиялық немесе дезинфекциялық станциялардың қызметкерлері атқарады.

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер :

1. Аурухана бөлімшесіндегі палаталар мен медициналық құралдардағы патогенді және шартты патогенді микроорганизмдерді жою ... деп аталады.

- a) дезинфекция
 - b) стерилизация
 - c) асептика
 - d) антисептика
 - e) кварцтау
2. Дезинфекция түрлері:
- a) ошақты
 - b) медициналық
 - c) тұрмыстық
 - d) индивидуальды
 - e) санитарлы

3. Науқастың киімін, төсек орнын дезинфекциялау ... жүргізіледі.

- a) формалин буы және ауа буы камерада өңдеу әдісімен
- b) 2% хлорамин ерітіндісіне салып
- c) жуғыш ерітіндісіне салып
- d) кварцтандыру
- e) қайнату әдісімен

4. Құрғақ ауалы шкафта стерилизация ... минуттемпературада жүргізіледі.

- a) 180 градуса-60
- b) 160 градуса-15
- c) 132 градуса-20
- d) 120 градуса-25
- e) 110 градуса-25

5. Құрал- саймандарды стерилизациялау үшін қолданылатын химиялық ерітінді:

- a) 6% сутегі асқын тотығы
- b) 70% спирт
- c) 1:5000 фурацилин
- d) 3% сутегі асқын тотығы
- e) калий перманганат

6. 1,1 қысымда 120 градус температурада автоклавтың жұмыс істеу уақыты ... минуттықұрайды.

- a) 45
- b) 60
- c) 20
- d) 10
- e) 5

7. 2 атм қысымда 132 градус температурада автоклавтың жұмыс істеу уақыты ... минуттықұрайды.

ONTUSTIK KAZAKHSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Әдістемелік нұсқаулық	96 беттің 17 беті

a) 20

b) 45

c) 60

d) 15

e) 10

8. Дезинфекциялау үшін ерітіндіні сақтау уақыты:

a) 1 күн

b) 7 күн

c) 1 рет пайдалану

d) ерітіндінің түсі өзгергенше

e) 2 күн

9. Стерилизацияны бақылау ... көмегімен жүргізіледі.

a) индикатордың

b) бензидинді сынаманың

c) фенолфталин сынамасының

d) азопирамин сынамасының

e) аспирин

10. Кейбір стерильді биксте заттар өзінің стерильділігін ... күнсақтайды.

a) 3

b) 1

c) 12

d) 7

e) 2

Ситуациялық есептер:

Ситуациялық есеп №1

10айлық нәресте, 4 күн бұрын ауырған: температурас: температурасы 37.5°C, тәулігіне 2рет құсу, тамақтан бас тартады, жылауық, енжар. Температурасы фебрильді болып сақталып, тамақ жемейді, күнде құсады, салмағы азайды. Нәжісі тәулігіне 6-8рет, сулы, шырышпен. жұқпалы ауруханаға қаралды. Қарағанда: жағдайы ауыр, температурасы 38°C, айқын енжарлық, терісі құрғақ, беті үшкірленген, дауысы қырылдаған, ауызының шырышы құрғақ, тахикардия 160, жүрек тондары әлсіз, тахипноэ 46, іші желденген, пальпациялағанда ауырсынады.

1. Болжам диагноз

2. Тексеру жоспары

3. Емдеу принципі

Ситуациялық есеп №2

С.есімді науқас 25жаста, ауруының екінші күні жедел жәрдем шақырған. Жедел ауырған, дене температурасы 40°C, қатты бас ауру, әлсіздік, жүрек айну, бір рет құсу болған. Келесі күні жағдайы нашарлаған, терісінде көп мөлшерде бөртпе пайда болды. Қарағанда: есі дұрыс, бірақ қозғалмайды, енжар, бозғылт. Терісінде, әсіресе аяғының, көп мөлшерде геморрагиялық бөртпе, бірен-саран бетінде, денесінде, кей жерде жабысқан. Ентікпе-ТАЖ 36¹, жүрек тондары естілмейді, пульсі жіп тәрізді, 104 соққы минутына. АҚ 60/0 мм.с.б. Тілі құрғақ, жабылған, іші жұмсақ, ауырсынусыз, бауыр мен көкбауыр пальпацияланбайды, зәр жүрмейді. Менингальді симптомдаары жоқ.

1. Болжам диагноз

2. Тексеру жоспары

3. Емдеу принципі

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Әдістемелік нұсқаулық	96 беттің 18 беті

6- сабақ

5.1. Сабақтың тақырыбы. Стерилизация.

5.2. Сабақтың мақсаты:

Кәсіптік этика және деонтология қағидаттарын, мейіргерлік манипуляцияларды талдау және қабылдау қабілетін, мақсат қою және оған жету жолын үйрету.

5.3. Пәннің міндеттері:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алуды үйрену;
- Медициналық ұйымдардағы қауіпсіз ауруханалық орта. Санитарлық - эпидемияға қарсы режимін сақтауды меңгеру;
- Науқастың функциональды жағдайын бағалауды үйрену;
- Науқастардың жеке бас гигиенасын сақтауды үйрену;
- Медициналық ұйымдарда тағаммен емдеуді ұйымдастыруды меңгеру;
- Дәрі дәрімектерді қолдану жолдары мен әдістері, ішке қабылдайтын дәрі-дәрмектерді үлестіруді білу;
- Науқасты лабораториялық және аспаптық зерттеулерге дайындауды білу.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары.

Стерилизация (залалсыздандыру) . Стерилизация алдындағы тазарту

Стерилизация асептиканың негізгі тәсілінің бірі.

Стерилизация (залалсыздандыру) дегеніміз медициналық құрал жабдықтардағы микроорганизмдерді және оның спораларын, токсиндерін түбегейлі жою. Залалсыздандыруға медицинада дәрілер мен диагностикалық препараттар, тігіс және таңғыш материалдар, жаймалар, пациенттің күтіміне арналған заттар жіберіледі.

Залалсыздандырудың технологиялық барысы төмендегі кезеңдерден тұрады:

Медициналық құрал жабдықтарды зарарсыздандыру.

Залалсыздандыруға дейінгі тазалау.

Стерилизаторға материалды дайындау және жайғастыру.

Залалсыздандырудың өзін жүргізу.

Залалсыздандыру сапасын бақылау.

Залалсыздандырылған материалдарды сақтау.

Залалсыздандыру алдындағы тазалау V кезеңнен тұрады:

I кезең. Медициналық саймандарды қолданып болғаннан соң 1% лизоформин (дезинфекциялық ерітінділердің басқа да түрлері) ерітіндісіне 22°C 1 сағатқа салып қоямыз.

II кезең. 1 сағаттан соң медициналық құрал -саймандарды ағып тұрған судың астында 30 секундтан жуаымыз.

III кезең. Медициналық құрал - саймандарды жуғыш ерітіндіге 15 минут салып қоямыз.

IV кезең. Жуғыш ерітіндінің ішінде құрал - саймандарды мақталы тампонмен инелерді мандренмен тазалаймыз.

V кезең. Медициналық құрал - жабдықтарды жуғыш ерітінділерден алып, ағып тұрған судың астында жуып шаямыз. Жасалынып болғаннан кейін медициналық құрал- жабдықтардың тазалық сапасын тексереміз.

Медициналық құрал- саймандарды залалсыздандыру алдындағы тазалығын тексеру (көзге көрінбейтін қанды жуғыш ерітінділерді, дәрі – дәрмектерді, тат басқанды)

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 19 беті

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер :

1. Аурухана бөлімшесіндегі палаталар мен медициналық құралдардағы патогенді және шартты патогенді микроорганизмдерді жою ... деп аталады.

- a) дезинфекция
- b) стерилизация
- c) асептика
- d) антисептика
- e) кварцтау

2. Дезинфекция түрлері:

- a) ошақты
- b) медициналық
- c) тұрмыстық
- d) индивидуальды
- e) санитарлы

3. Науқастың киімін, төсек орнын дезинфекциялау ... жүргізіледі.

- a) формалин буы және ауа буы камерада өңдеу әдісімен
- b) 2% хлорамин ерітіндісіне салып
- c) жуғыш ерітіндісіне салып
- d) кварцтандыру
- e) қайнату әдісімен

4. Құрғақ ауалы шкафта стерилизация ... минуттемпературада жүргізіледі.

- a) 180 градуста-60
- b) 160 градуста-15
- c) 132 градуста-20
- d) 120 градуста-25
- e) 110 градуста-25

5. Құрал- саймандарды стерилизациялау үшін қолданылатын химиялық ерітінді:

- a) 6% сутегі асқын тотығы
- b) 70% спирт
- c) 1:5000 фурацилин
- d) 3% сутегі асқын тотығы
- e) калий перманганат

6. 1,1 қысымда 120 градус температурада автоклавтың жұмыс істеу уақыты ... минуттықұрайды.

- a) 45
- b) 60
- c) 20
- d) 10
- e) 5

7. 2 атм қысымда 132 градус температурада автоклавтың жұмыс істеу уақыты ... минуттықұрайды.

- a) 20
- b) 45
- c) 60
- d) 15
- e) 10

8. Дезинфекциялау үшін ерітіндіні сақтау уақыты:

- a) 1 күн

ONTUSTIK KAZAKHSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 20 беті

- b) 7 күн
 - c) 1 рет пайдалану
 - d) ерітіндінің түсі өзгергенше
 - e) 2 күн
9. Стерилизацияны бақылау ... көмегімен жүргізіледі.
- a) индикатордың
 - b) бензидинді сынаманың
 - c) фенолфталин сынамасының
 - d) азопирамин сынамасының
 - e) аспирин

10. Кейбір стерильді бикесте заттар өзінің стерильділігін ... күнсақтайды.
- a) 3
 - b) 1
 - c) 12
 - d) 7
 - e) 2

Ситуациялық есептер:

Ситуациялық есеп №1

10айлық нәресте, 4 күн бұрын ауырған: температурас: температурасы 37.5°C, тәулігіне 2рет құсу, тамақтан бас тартады, жылауық, енжар. Температурасы фебрильді болып сақталып, тамақ жемейді, күнде құсады, салмағы азайды. Нәжісі тәулігіне 6-8рет, сулы, шырышпен. жұқпалы ауруханаға қаралды. Қарағанда: жағдайы ауыр, температурасы 38°C, айқын енжарлық, терісі құрғақ, беті үшкірленген, дауысы қырылдаған, ауызының шырышы құрғақ, тахикардия 160, жүрек тондары әлсіз, тахипноэ 46, іші желденген, пальпациялағанда ауырсынады.

- 4. Болжам диагноз
- 5. Тексеру жоспары
- 6. Емдеу принципі

7- сабақ

5.1. Сабақтың тақырыбы. Медициналық қалдықтар.

5.2. Сабақтың мақсаты:

Кәсіптік этика және деонтология қағидаттарын, мейіргерлік манипуляцияларды талдау және қабылдау қабілетін, мақсат қою және оған жету жолын үйрету.

5.3. Пәннің міндеттері:

- Мейіргерлік күтім жоспарын ұйымдастыруды білу;
- Науқастарға сапалы күтім көрсетуді үйрену;
- АІЖ алдын алуды үйрену;
- Медициналық ұйымдардағы қауіпсіз ауруханалық орта. Санитарлық - эпидемияға қарсы режимін сақтауды меңгеру;
- Науқастың функциональды жағдайын бағалауды үйрену;
- Науқастардың жеке бас гигиенасын сақтауды үйрену;
- Медициналық ұйымдарда тағаммен емдеуді ұйымдастыруды меңгеру;
- Дәрі дәрімектерді қолдану жолдары мен әдістері, ішке қабылдайтын дәрі-дәрмектерді үлестіруді білу;
- Науқасты лабораториялық және аспаптық зерттеулерге дайындауды білу.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары.

Медициналық қалдықтар - бұл медициналық ұйымдарда емдеу-алдын алу шараларын жүргізу кезінде пайда болатын қалдықтар.

ONTUSTIK KAZAKHSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		80-11-2024 () 96 беттің 21 беті

Медициналық қалдықтарға науқастарға күтім жасайтын заттар, таңғыштар, мақта, шприцтер, инелер, дәрі-дәрмектердің қалдықтары, дене тіндері және қан жатады. Олардың барлығы ықтимал қауіп төндіреді.

Залалсыздандырылмаған инъекциялық шприцтер мен инелер арқылы дұрыс кәдеге жаратылмаған (жануға бейім емес), дұрыс көмілмеу нәтижесінде бүкіл әлемде миллиондаған адамдар қауіпті ауруларды жұқтыруы мүмкін. Қалдықтарды дұрыс пайдаланбау көбінесе физикалық зақымға әкеледі: өткір қалдықтардан жарақаттану және денені кесіп алу. Жарақаттан басқа мұндай зақымданулар өте ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін, өйткені В және С гепатиттері, АИТВ инфекциясы және т. б. сияқты қауіпті аурулардың қоздырғыштары тікелей қанға енуі мүмкін. Емдеу-алдын алу ұйымдарында медициналық қалдықтардың құрамында инфекция қоздырғыштары болуы мүмкін.

Сонымен қатар, медициналық қалдықтарда улы және радиоактивті заттар болуы мүмкін, олар топыраққа, ауаға және суға түсіп, планетаның экологиясына үлкен зиян келтіреді.

Медициналық қалдықтар қауіптілік дәрежесіне байланысты 5 класқа бөлінеді:

1. "А" класындағы медициналық қалдықтар - коммуналдық-тұрмыстық қалдықтардан ерекшеленбейді және қауіпті қасиеттерге ие емес;

2. "Б" класындағы медициналық қалдықтар – эпидемиологиялық қауіпті медициналық қалдықтар (жұқтырған және ықтимал жұқтырған қалдықтар. Қанмен және басқа биологиялық сұйықтықтармен ластанған материалдар мен құралдар. Патологиялық-анатомиялық қалдықтар, органикалық операциялық қалдықтар (ағзалар, тіндер).

3. "В" класындағы медициналық қалдықтар – эпидемиологиялық өте қауіпті медициналық қалдықтар (халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соғуы мүмкін аса қауіпті және карантиндік инфекциялық аурулармен ауыратын науқастармен байланыста болған материалдар).

4. "Г" класындағы медициналық қалдықтар – токсикологиялық қауіпті медициналық қалдықтар (пайдалануға жатпайтын дәрілік, диагностикалық, дезинфекциялау құралдары). Құрамында сынабы бар заттар, аспаптар мен жабдықтар. Фармацевтикалық өндіріс шикізаттары мен өнімдерінің қалдықтары.

5. "Д" класындағы медициналық қалдықтар – радиоактивті медициналық қалдықтар (құрамында радиоактивті заттар үшін регламенттелген мандерден асатын мөлшерде және концентрациядағы радиоактивті заттар бар).

